

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін автомобильдер сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 861 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік органдардың тізбесі және 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 203 "Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сатып алынатын техниканың саны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген тізбеге сәйкес автомобильдер сатып алсын

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасымен бірлесіп (келісім бойынша) белгіленген тәртіппен сатып алынған автомобильдерді тиісті мемлекеттік органдардың теңгеріміне берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      2 6                      т а м ы з д а ғ ы

N                      8 6 1                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Мемлекеттік органдардың тізбесі және 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 203 "Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сатып алынатын техниканың саны**

**Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.28. N 1200 қаулысымен**

р/с  N	Мемлекеттік органның атауы	Автомобильдің атауы	Саны, бірлік
1	Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасы	Мерседес-Бенц, S класы "Хундай Каунти" автобусы, 45 орындық б а с қ а р м а с ы н ы ң Ш а р у а ш ы л ы қ	10 2
2	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық б а с қ а р м а с ы	Мерседес-Бенц, S класы Мерседес-Бенц, E класы Фольксваген Пассат Жолсызбен жүретін автомобиль Автобус, 18-24 орындық "ГАЗ-ель" шағын автобусы	1 2 39 2 2 1
	Ж и ы н ы		5 9